"Айгөлек" КМҚК сәбилер бақшасы Ақсу қаласының білім бөлімі,
Павлодар облысының білім басқармасы

КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТ

Мектепке дейінгі мекемелерге бармайтын балалардың ата-аналарына арналған хабарландыру.

Егер сіздің балаңыз балабақшаға бармаса және Сізде баланы тәрбиелеу мен дамытуға байланысты сұрақтар туындаса, онда сіз біздің консультациялық пунктке хабарласып, баланы тәрбиелеу, оқыту, дамыту және сауықтыру мәселелері бойынша тәжірибелі педагогтар мен психологтың консультативтік және практикалық көмегін ала аласыз.

Біз сіздің сұрақтарыңызға жауап береміз, педагогикалық тәжірибеңізді байытуға көмектесеміз, қажетті психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді ұсынамыз әртүрлі даму түзету технологияларын үйретеміз, сондай-ақ балаңызбен танысқаннан кейін балаңызға ең қолайлы білім беру маршрутын және тәрбие мен оқыту бағдарламасын таңдау бойынша ұсыныстар береміз.

Консультацияға жазылу телефоны: 74-6-14 87026836010

Консультациялық пункттің мақсаттары мен міндеттері

1. Отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету.

2. Мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу, оқыту және дамытудың түрлі мәселелері бойынша ата-аналарға (заңды өкілдерге) психологиялық-педагогикалық көмек көрсету.

3. Білім беру мекемелеріне бармайтын мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіруге жәрдемдесу.

4. Білім беру мекемелеріне бармайтын мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқуларды кешенді тексеру және алдын алу.